Код МКС: 23.040.01

СТ РК EN 13840-2-2013 «Трубопроводы промышленные металлические. Часть 2. Материалы»
СТ РК EN 13840-3-2013 «Трубопроводы промышленные металлические. Часть 3. Проектирование и расчет»

В каком месте (раздел, пункт, подпункт, приложение, таблица, рисунок…)	**Напечатано**	**Должно быть**
1	2	3
Титульный лист и колонтитул	**СТ РК EN 13840-2-2013**	**СТ РК EN 13480-2-2013**
Титульный лист и колонтитул	**СТ РК EN 13840-3-2013**	**СТ РК EN 13480-3-2013**

(ИУС №3-2015)

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік металл құбыржолдар
2-бөлім
МАТЕРИАЛДАР

Трубопроводы промышленные металлические
Часть 2
МАТЕРИАЛЫ

ҚР СТ EN 13480-2-2013

EN 13480-2:2012 Metallic industrial piping – Part 2: Materials (IDT)

Осы стандарт EN 13480-2:2012 европалық стандартын жүзеге асыруымен бірдей болып табылады және B-1000 Брюссель, Марникс 17 даңғылы мекенжайы бойынша CEH рұқсат етуімен қабылданған

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік металл құбыржолдар
2-бөлім
МАТЕРИАЛДАР

ҚР СТ EN 13480-2-2013

EN 13480-2:2012 Metallic industrial piping – Part 2: Materials (IDT)

Осы стандарт EN 13480-2:2012 европалық стандартын жүзеге асыруымен бірдей болып табылады және B-1000 Брюссель, Марникс 17 даңғылы мекенжайы бойынша CEH рұқсат етуімен қабылданған

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша министрлігінің «Өндірістік қауіпсіздігі ұлттық ғылыми-технология орталығы» акционерлік қоғамы базасындағы Өндірістік қоғамдық қауіпсіздік және төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік саласындағы стандарттау жөніндегі техникалық комитеті мен № 71 «Өндірістік қауіпсіздік» ТК **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 28 қарашадағы № 548-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт EN 13480-2:2012 «Metallic industrial piping – Part 2: Materials» (Өнеркәсіптік металл құбыржолдар. 2-бөлім. Материалдар), ZB Қосымшасында келтірілген өзгерістер мен техникалық түзетулерді қоса алғанда еуропалық стандартпен бірдей.

EN 13480-2:2012 CEN/TC 267 Техникалық регламентімен дайындалған «Өнеркәсіптік құбыр және құбыр жүргізу жүйесі», AFNOR бағынышты хатшылық

EN 13480-2:2012 Европалық комиссия және Европалық еркін сауда ұйымы берген тапсырмасы бойынша CEN дайындалған, және ЕС директива (лар) талаптарының негізін ұстайды.

ЕС директива (лар) қатысты осы құжаттың ажырамас бөлігі болып табылатын ZA қосымшасын қараңыз.

Өнеркәсіптік металл құбыр жүргізуге арналған Европалық стандарт EN 13480 жеті тәуелсіз және ажырамас бөлімдерді қамтиды, олар:

- 1 Бөлім: Жалпы ережелер;
- 2 Бөлім: Материалдар;
- 3 Бөлім: Сызбалар және есептер;
- 4 Бөлім: Өндіріс және орнату;
- 5 Бөлім: Тексеру және сынақ;
- 6 Бөлім: Жер асты құбырларына қосымша талаптар;
- CEN/TR 13480-7, Сәйкестігін бағалау рәсімін қолдану бойынша басшылық.
- 8 Бөлім: Алюминий және алюминий қорытпадан жасалған құбырларға қосымша талаптар.

Осы бөлімдер өз ара байланысты болып табылады. Себебі металл өнеркәсіптік құбыр жүргізу өндірісі стандарттың талаптарының орындалуы үшін барлық тиісті бөлімдерінің қолдануын қажет етеді.

Ағылшын тілінен аударма (en).

Осы стандарт негізделе отырып дайындалған (әзірленген) және сілтемелер берілген халық аралық стандарттардың ресми даналары Ортақ мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттары қорында бар.

Ұлттық (мемлекет аралық) стандартардың сілтемелі халық аралық стандарттарға сәйкестігі қосымша Д.А қосымшасында келтірілген.

Сәйкестік дәрежесі - бірдей, IDT.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2020 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер, анықтамалар, символдар және бірліктер.....	6
3.1	Терминдер және анықтамалар.....	6
3.2	Символдар және бірліктер.....	7
4	Өндірістік құбыр жүргізуде қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерді дайындау үшін қолданылатын материалдарға талаптар	8
4.1	Жалпы ережелер	8
4.2	Ерекше ережелер	10
4.3	Жеткізудің техникалық шарттары.....	12
4.4	Таңбалау.....	13
5	Қысымға ұшырамайтын бөлшектер үшін пайдаланатын материалдарға қойылатын талаптар.....	14
А қосымшасы	*(міндетті)* Қысыммен жұмыс істейтін болаттарды топтарстыру жүйесі.....	15
В қосымшасы	*(міндетті)* Төмен температура кезінде морт сынуды алдын алуға арналған талаптар.....	17
В.1	Жалпы ережелер	17
В.2	Материалдарды таңдау және соққы энергиясына қойылатын талаптар.....	18
В.2.1	Жалпы ережелер	18
В.2.2	1 Әдіс. Қағидалар және ережелер.....	18
В.2.3	2 Әдіс.....	28
В.2.4	3 Әдіс – Қирату механикасын сараптау	40
В.3	Сынаққа жалпы талаптар	42
В.3.1	Жалпы талаптар	42
В.3.2	Кіші мөлшерлі үлгілер	43
В.3.3	Кесік көлемі тірек қалыңдығына тең үлгілерді алу мүмкін болмайтын компоненттер үшін кіші мөлшерлі үлгілер.....	43
В.4	Дәнекерлеу жігі.....	43
В.4.1	Жалпы ережелер	43
В.4.2	Дәнекерлеу әдісі.....	44
В.4.3	Дәнекерлеуді сынау үшін пластиналар.....	44
В.5	Жоғары температура кезінде пайдалану үшін материалдар	44
В.5.1	Жалпы ережелер	44
В.5.2	Материалдар.....	44
В.5.3	Дәнекерлеу рәсімі және сынақтық пластиналарды бағалау.....	44
В.5.4	Жіберу және ағыту рәсімі	44
В.5.5	Қысыммен сынау	45

С қосымшасы *(міндетті)* Қысыммен жұмыс істеу үшін арналған жалатпалы бұйымдар үшін жеткізудің уақытша техникалық шарттары 52
С.1 Кіріспе 52
С.2 Материал-негізіне талаптар 52
С.3 Жалатылған материалдарға талаптар 52
С.4 Жалату рәсімінің жіктемесі 53
С.5 Өндіру барысында сынақ 54
D қосымшасы (ақпараттық) Өнеркәсіптік құбыр жүргізу үшін болаттарға арналған Европалық стандарттар..... 56
D.1 Өнеркәсіптік құбыр жүргізу үшін болаттарға және болат қоспаларына арналған Европалық стандарттар..... 56
D.2 Өнеркәсіптік құбыр жүргізу үшін болаттарға арналған Европалық стандарттар 57
Y қосымшасы (ақпараттық)..... 85
Y.1 EN 13480:2002 және EN 13480:2012 арасындағы айырмашылық.. 85
ZA қосымшасы (ақпараттық) Маңызды қауіпсіздік талаптары немесе ЕС директивасының басқада ережелеріне қатысты осы Европалық стандарттың тараулары..... 86
ZB қосымшасы (ақпараттық)..... 87
Библиография..... 89
Д.А қосымшасы (ақпараттық) 91

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік металл құбыржолдар
2-бөлім
МАТЕРИАЛДАР

Енгізілген күні 2015-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы ұлттық стандарт EN 13480-1 сәйкес келетін металл материалдардан жасалған өнеркәсіптік құбыржолдарға және тіректерге арналған материалдарға (металды жалатпалы материалдарды қоса) талаптарды белгілейді. Осы стандарт органикалық болатты жеткілікті пластикалық материалдарға қолданылады.

Осы стандарт анықталған жазылу дәрежелі материалдарға қолданылмайды.

ЕСКЕРТПЕ Басқа материалдар кейін осы стандартқа өзгерістер енгізумен бірге қосылатын болады.

Осы стандарт сондай-ақ өнеркәсіптік құбыржолды дайындауға арналған металл материалдарды таңдауға, сынауға және таңбалауға талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін тек көрсетілген сілтемелік құжаттар қолданылады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы қолданылады (барлық өзгерістерін қосқанда).

EN 764-3:2002 Pressure equipment – Terminology Part 3: Definition of parties involved (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жабдықтар. 3-бөлім. Қатысушы тараптарды анықтау)

EN 1092-1:2007 Flanges and their joints – Circular flanges for pipes, valves, fittings and accessories, PN designated – Part 1: Steel flanges (Ернемектер және олардың қосындылары. PN белгіленген құбырлар, қақпақтар, фитингтер және арқауларға арналған дөңгелек ернемектер. 1-бөлім. Болат ернемектер)

EN 10028-1:2007+A1:2009+AC:2009 Flat products made of steels for pressure purposes – Part 1: General requirements (Қысыммен жұмыс істеуге арналған беттік және жолақ илектен жасалған болат бұйымдар. 1-бөлім. Жалпы талаптар)

EN 10028-2:2009 Flat products made of steels for pressure purposes – Part 2: Non-alloy and alloy steels with specified elevated temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған беттік және жолақ илектен жасалған болат бұйымдар. 2-бөлім. Жоғары температура кезіндегі белгіленген сипаттамасымен қоспасыз және қоспалы болаттар)

EN 10028-3:2009 Flat products made of steels for pressure purposes – Part 3: Weldable fine grain steels, normalized (Қысыммен жұмыс істеуге арналған беттік және жолақ илектен жасалған болат бұйымдар. 3-бөлім. Пісірілетін ұсақ түйіршікті болат, қалыптандырылған)

EN 10028-4:2009 Flat products made of steels for pressure purposes – Part 4: Nickel alloyed steels with specified low temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған беттік және жолақ илектен жасалған болат бұйымдар. 4-бөлім. Төмен температура кезінде белгіленген сипаттамасымен никельденген қоспалы болат)

EN 10028-5:2009 Flat products made of steels for pressure purposes – Part 5: Weldable fine grain steels, thermomechanically rolled (Қысыммен жұмыс істеуге арналған беттік және жолақ илектен жасалған болат бұйымдар. 5-бөлім. Пісірілетін ұсақ түйіршікті болат, термомеханикалық әдіспен жұқартылған)

EN 10028-6:2009 Flat products made of steels for pressure purposes – Part 6: Weldable fine grain steels, quenched and tempered (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жаңылтырдан және жұқартылған жолақтан жасалған болат бұйымдар. 6-бөлім. Пісірілетін ұсақ түйіршікті болат, шыңдалған және айырылған)

EN 10028-7:2007 Flat products made of steels for pressure purposes – Part 7: Stainless steels (Қысыммен жұмыс істеуге арналған қаңылтырдан және жұқартылған жолақтан жасалған болат бұйымдар. 7-бөлім. Тоттанбайтын болат)

EN 10164:2004 Steel products with improved deformation properties perpendicular to the surface of the product – Technical delivery conditions (Бұйымның перпендикуляр бетінің бұзылуына қатысты сипаттамасы жақсартылған болаттан жасалған бұйымдар. Жеткізілудің техникалық шарттары)

EN 10204:2004 Metallic products – Types of inspection documents (Металл материалдар. Тексеру құжаттамаларының түрлері)

EN 10213:2007 Steel castings for pressure purposes (Қысыммен жұмыс істеуге арналған қолданылатын болат құймалар үшін техникалық шарттар)

EN 10216-1:2002+A1:2004 Seamless steel tubes for pressure purposes — Technical delivery conditions – Part 1: Non-alloy steel tubes with specified room temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 1Бөлім. Бөлме температурасы кезінде белгіленген сипаттамасымен қоспасыз болаттан жасалған құбырлар)

EN 10216-2:2002+A2:2007 Seamless steel tubes for pressure purposes — Technical delivery conditions – Part 2: Non-alloy and alloy steel tubes with

specified elevated temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 2-бөлім. Жоғары температура кезінде белгіленген сипаттамасымен қоспасыз және қоспалы болаттан жасалған құбырлар)

EN 10216-3:2002+A1:2004 Seamless steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 3: Alloy fine grain steel tubes (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 3-бөлім. Қоспалы ұсақ түйіршікті болаттан жасалған құбырлар)

EN 10216-4:2002+A1:2004 Seamless steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 4: Non-alloy and alloy steel tubes with specified low temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 4-бөлім. Төмен температура кезінде белгіленген сипаттамасымен қоспасыз және қоспалы болаттан жасалған құбырлар)

EN 10216-5:2004 Seamless steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 5: Stainless steel tubes (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 5-бөлім. Тоттанбайтын болаттан жасалған құбырлар)

EN 10217-1:2002+A1:2005 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 1: Non-alloy steel tubes with specified room temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 1-бөлім. Жоғары температура кезінде белгіленген сипаттамасымен қоспасыз болаттан жасалған құбырлар)

EN 10217-2:2002+A1:2005 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 2: Electric welded non-alloy and alloy steel tubes with specified elevated temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 2-бөлім. Жоғары температура кезінде белгіленген сипаттамасымен қоспасыз және қоспалы болаттан жасалған құбырлар)

EN 10217-3:2002+A1:2005 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 3: Alloy fine grain steel tubes (Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 3-бөлім. Қоспалы ұсақ түйіршікті болаттан жасалған құбырлар)

EN 10217-4:2002+A1:2005 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 4: Electric welded non-alloy steel tubes with specified low temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 4-бөлім. Төмен температура кезінде белгіленген сипаттамасымен электрлік пісірумен дәнекерленген қоспасыз болаттан жасалған құбырлар)

EN 10217-5:2002+A1:2005 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 5: Submerged arc welded non-alloy and alloy steel tubes with specified elevated temperature properties (Қысыммен жұмыс

істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 5-бөлім. Жоғары температура кезінде белгіленген сипаттамасымен имек дәнекер көмегімен дәнекерленген қоспасыз және қоспалы болаттан жасалған жер асты құбыры)

EN 10217-6:2002+A1:2005 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 6: Submerged arc welded non-alloy steel tubes with specified low temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 6-бөлім. Төмен температура кезінде белгіленген сипаттамасымен имек дәнекер көмегімен дәнекерленген қоспасыз болаттан жасалған жер асты құбыры)

EN 10217-7:2005 Welded steel tubes for pressure purposes – Technical delivery conditions – Part 7: Stainless steel tubes (Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық жеткізу шарттары. 7-бөлім. Тоттанбайтын болаттан жасалған құбырлар)

EN 10222-1:1998+A1:2002 Steel forgings for pressure purposes – Part 1: General requirements for open die forgings (Қысыммен жұмыс істеуге арналған болатпен қапталған бұйымдар. Техникалық жеткізу шарттары. 1-бөлім. Қапталған сомтемірлерге жалпы талаптар)

EN 10222-2:2000 Steel forgings for pressure purposes – Part 2: Ferritic and martensitic steels with specified elevated temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған болатпен қапталған бұйымдар. Техникалық жеткізу шарттары. 2-бөлім. Жоғары температура кезінде белгіленген сипаттамасымен ферритті және мартенситті болаттар)

EN 10222-3:1998 Steel forgings for pressure purposes – Part 3: Nickel steels with specified low temperature properties (Қысыммен жұмыс істеуге арналған болатпен қапталған бұйымдар. Техникалық жеткізу шарттары. 2-бөлім. Төмен температура кезінде белгіленген сипаттамамен никельденген болаттар)

EN 10222-4:1998+A1:2002 Steel forgings for pressure purposes – Part 4: Weldable fine grain steels with high proof strength (Қысыммен жұмыс істеуге арналған болатпен қапталған бұйымдар. Техникалық жеткізу шарттары. 4-бөлім. Жоғары тұрақсыздық шартты шегімен пісірілетін ұсақ түйіршікті болаттар)

EN 10222-5:2000 Forgings for pressure purposes – Part 5: Martensitic, austenitic and austenitic-ferritic stainless steels (Қысыммен жұмыс істеуге арналған болатпен қапталған бұйымдар. Техникалық жеткізу шарттары. 4-бөлім. Мартенситтік, аустениттік және аустенитті-ферриттік тоттанбайтын болаттар)

EN 10253-2:2007 Butt-welding pipe fittings – Part 2: Non alloy and ferritic alloy steel with specific inspection requirements (Дәнекерленген құбырдың түйіскен фитингтері. 2-бөлім. Тексеруге арнайы талаптарымен қақталған көміртекті және ферритті қоспалы болат)

EN 10269:1999+A1:2002 Steels and nickel alloys for fasteners with specified elevated and/or low temperature properties (Жоғары және/немесе төменгі температура кезінде белгіленген сипаттамасымен бекіту бөлшектері үшін болаттар және никель құймалары)

EN 10272:2007 Stainless steel bars for pressure purposes (Қысыммен жұмыс істеуге арналған тоттанбайтын болаттан сұрыпталған жұқарту)

EN 10273:2007 Hot rolled weldable steel bars for pressure purposes with specified elevated temperature properties (Жоғары температура кезінде белгіленген сипаттамасымен қысыммен жұмыс істеуге арналған ыстықпен соғып дәнекерленген сұрыпталған болат)

EN 12074:1999 Welding consumables – Quality requirements for manufacture, supply and distribution of consumables for welding and allied processes (Дәнекерлеу кезінде балқитын электроттар. Дәнекерлеу және онымен бірге жасалатын істер үшін балқыма электроттарды сапалы дайындауға, жеткізуге және таратуға қойылатын талаптар)

EN 13445-4:2009 Unfired pressure vessels – Part 4: Fabrication (Отсыз жылу жеткізу қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар. 4-бөлім. Жасау)

EN 13445-5:2009 Unfired pressure vessels – Part 5: Inspection and testing (Отсыз жылу жеткізу қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар. 5-бөлім. Инспекция және бақылау)

EN 13479:2004 Welding consumables – General product standard for filler metals and fluxes for fusion welding of metallic materials (Дәнекерлеу кезінде балқытылатын электроттар. Балқымалы электроттардың сәйкестігін бағалау үшін сынақ әдістері және сапасына талаптар)

EN 13480-1:2012 Metallic industrial piping – Part 1: General (Өнеркәсіптік металл құбырлар. 1-бөлім. Жалпы талаптар)

EN 13840-3:2012 Metallic industrial piping – Part 3: Design and calculation (Өнеркәсіптік металл құбырлар. 3-бөлім. Жобалау және есептеу)

EN 13480-4:2012 Metallic industrial piping – Part 4: Fabrication and installation (Өнеркәсіптік металл құбырлар. 4-бөлім. Өндіру және орнату)

EN 13480-5:2012 Metallic industrial piping – Part 5: Inspection and testing (Өнеркәсіптік металл құбырлар. 5-бөлім. Тексеру және сынау)

EN 20898-2:1993 Mechanical properties of fasteners – Part 2: Nuts with specified proof load values – Coarse thread (Бекіту бұйымдары. Механикалық сапасы. 2-бөлім. Жүктемені бақылау орнатуымен бұранда)

EN ISO 148-1:2010 Metallic materials — Charpy pendulum impact test – Part 1: Test method (ISO 148-1:2009) (Металл материалдар. Маятигті копрада Шарпи бойынша соққыға арналған сынақ. 1-бөлім. Сынақ әдісі)

EN ISO 898-1:2009 Mechanical properties of fasteners made of carbon steel and alloy steel – Part 1: Bolts, screws and studs with specified property classes – Coarse thread and fine pitch thread (ISO 898-1:2009) (Көміртекті және қоспалы болаттан жасалған бекітпе бұйымдардың механикалық сапасы. 1-бөлім.

Белгіленген беріктік дәрежесімен бұрамалар, бұрандалар және бұрама сұқпалар. Ірі және ұсақ резьба)

EN ISO 2566-1:1999 Steel – Conversion of elongation values – Part 1: Carbon and low alloy steels (ISO 2566-1:1984) (Болат. Ұзартылу мәнінің өзгеруі. 1-бөлім. Көміртекті және төмен қоспалы болаттар)

EN ISO 2566-2:1999 Steel – Conversion of elongation values – Part 2: Austenitic steels (ISO 2566-2:1984) (Болат. Ұзартылу мәнінің өзгеруі. 2-бөлім. Аустенитті болаттар)

EN ISO 3506-1:1997 Mechanical properties of corrosion-resistant stainless steel fasteners – Part 1: Bolts, screws and studs (ISO 3506-1:1997) (Жемірілуге төзімді тоттанбайтын болаттан жасалған бекітпе бұйымдардың механикалық сапасы. 1-бөлім. Бұрамалар, бұрандалар және бұрама сұқпалар)

EN ISO 3506-2:1997 Mechanical properties of corrosion-resistant stainless steel fasteners – Part 2: Nuts (ISO 3506-2:1997) (Жемірілуге төзімді тоттанбайтын болаттан жасалған бекітпе бұйымдардың механикалық сапасы. 2-бөлім. Бұрандалар)

CR ISO 15608 Welding – Guidelines for a metallic materials grouping system (ISO/TR 15608:2000) (Дәнекерлеу. Топтастырылған металл матеиалдары жүйесі бойынша басшылық)

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде жыл сайын шығарылатын ағымдағы жылдағы жағдайға «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» және ағымдағы жылы жарияланған, ай сайын шығарылатын ақпараттық көрсеткіштерге сәйкес келетін ақпараттық көрсеткіш бойынша сілтемелік стандарттардың қолданысын тексерген дұрыс болады. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте пайдаланылады.

3 Терминдер, анықтамалар, символдар және бірліктер

3.1 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта EN 13480-1, EN 764-3 стандарттарында келтірілген терминдер және анықтамалар, сонымен бірге төменде келтірілген терминдер қолданылады.

3.1.1 Металдың ең төменгі температурасы (minimum metal temperature), T_M: Келесі жағдайлардың біреуі үшін анықталған ең кем температура:

- әдеттегі операция;
- операцияның басталу және аяқталу рәсімдері;
- 0 °С төмен қайнау атмосфералық температурасы бар, тұтану ағынды ортасы сияқты мүмкін үзілмелі рәсімі;
- Қысыммен немесе шығуын арналған сынақтар кезінде.

ЕСКЕРТПЕ Сондай-ақ 3.1.2 және 3.1.3 қараңыз.

3.1.2 Температураны түзету элементі (temperature adjustment term), T_S: T_R есептік тірек температурасына сәйкес келетін және металдың ең төменгі температурасына сәйкес келуі кезіндегі созылу кезінде тізбекті күшті есептеуге байланысты температура

1 ЕСКЕРТПЕ Температураны түзету элементінің мәні T_S В.2-12 кестесінде келтірілген.

2 ЕСКЕРТПЕ Созылу кезіндегі тізбекті күшке сілтеме EN 13480-3:2012 стандартының 12 тарауында берілген.

3.1.3 Есептік тірек температурасы (design reference temperature), T_R: Соққы энергиясы және температураны түзету элементінің анықталатын соммасына T_S және металдың ең төменгі температурасы T_M талаптарды анықтау үшін пайдаланатын температура.

$$T_R = T_M + T_S$$

3.1.4 Соққыға арналған сынақ температурасы (impact test temperature), T_{KV}: Соққы энергиясына қажетті қарсылық жетілетін кезіндегі температура.

ЕСКЕРПЕ В.3 Қосымшасын қараңыз.

3.1.5 Жарылыс соққысының энергиясы (impact energy), *KV*: EN ISO 148-1:2010 сәйкес соғылатын соққыға келетін Шарпи сынақ V-түріндегі кесікті материал үлгісімен жұтылатын энергия.

3.1.6 Тіректі (бақылау) қалыңдығы (reference thickness), e_B: Соққыға арналған сынақтың T_{KV} қажет температурасымен құрауыштың есептік тірек температурасына T_R байланысы үшін пайдаланылатын құрауыш қалыңдығы.

1 ЕСКЕРТПЕ В.2-2–В.2-7 кестелерін және В.2-1 В.2-11 дейінгі суреттерін қараңыз.

2 ЕСКЕРТПЕ В.4-1 кестесінде анықталған тірек қалыңдығы e_B, номиналды қалыңдыққа негізделген (жемірілуге жеткізуді қоса). Түйістіріп дәнекерленген құрауышер үшін e_B дәнекерлеуге дайындап қойылған құрауыш қабырғасы шегінің номиналды қалыңдығы болып табылады.

3.2 Символдар және бірліктер

Осы стандартта 3.2-1 кестелерінде келтірілген символдар және бірліктер және EN 13480-1:2012 стандартындағы символдар қолданылады.

3.2-1 кестесі Символдар және бірліктер

Символ	Сипаттамасы	Бірлік
a_K	Формалар шамасы	-
b	Ені	мм
C	Константа	-
e_B	Тіректік ені	мм
G	Жылжу модулі	Н/мм^2 (МПа)
HB	Бринелл бойынша қаттылығы	-
HV	Виккерс бойынша қаттылығы	-
h	Дәнекерлеу тігісінің ең жоғары рұқсат етілетін күшейтуі	мм
KV	Жарылыс соққысының энергиясы	Дж
L_o	Ұзындығы (базалық ұзындығы)	мм
P	Қысым	бар
P_{LM}	Ларсона-Миллердің параметрі	-
R_e	Тұрақсыздық шегі	Н/мм^2 (МПа)
$R_{M\,Tt}$	t Температурасы кезінде сағатына T үшін жайылу қарсылығы	Н/мм^2 (МПа)
S_o	Көлденең қиманың бастапқы көлемі	мм^2
T_M	Металдың ең төменгі температурасы	°C
T_{KV}	Соққыға арналған сынақ кезіндегі металл температурасы	°C
T_R	Есептік тірек температурасы	°C
T_S	Температураны түзету элементі	°C
α	Ұзындықты кеңейту шамасы	K^{-1}
ε	Бұзылуы	%
ЕСКЕРТПЕ 1 Н/мм^2 = 1 МПа		

4 Өндірістік құбыржолдарда қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерді дайындау үшін қолданылатын материалдарға талаптар

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Өндірістік құбыржолдарде қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерді дайындау үшін қолданылатын материалдар 4.1 тармақтың жалпы талаптарына және 4.2 тармағының арнайы талаптарына, егер олар қолданылатын болса сәйкес болуы қажет. Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектер үшін материалдар 4.3 тармағында көрсетілгендей техникалық жеткізу шарттарына сәйкес тапсырыс берілуі қажет.

Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектер үшін материалдардың таңбалануы 4.4 тармағының талаптарына сәйкес орындалуы қажет.

Материалдарды А қосымшасына сәйкес таңдайды.

Материалдар өндіріс сатысымен үйлесімді және күнделікті орта үшін қолайлы, ішкі және сыртқы орта үшін қолайлы болатындай таңдалуы қажет. Пайдаланудың қарапайым жағдайы, сондай-ақ дайындау, тасмалдау, сынау, іске қосу және пайдалануға енгізу барысында туындаған жағдайлар материалдарға техникалық шарттарды белгілеу кезінде есепке алынуы қажет.

1 ЕСКЕРТПЕ 4.1 және 4.2 тармақтарының талаптары олда орындалуы қажет, егер техникалық жеткізу шарттары материалдарға арналған Еуропалық стандарттар үшін дайындалса.

2 ЕСКЕРТПЕ Егер қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерге арналған техникалық жеткізу шарттары дайындалса, EN 764-4:2002 құрылымы және талаптары орындалуы қажет. Шығарылуы техникалық ақталуы қажет.

Материалдар бірдей материал түрлеріне қатысты тексеріс және өндірістік талаптарға сәйкес болуы үшін CEN ISO/TR 15608:2000 сәйкес топтастырылуы қажет.

3 ЕСКЕРТПЕ Материалдар осы топтарға олардың химиялық құрамына және олардың өндірілуіне қатысты сипаттамасына және дәнекерлеуден кейін термоөңделуіне сәйкес орналастырылады.

4.1.2 Осы стандарттың талаптарына сәйкес келетін қысыммен жұмыс істейтін бөлшектер үшін материалдар EN 10204:2004 базасында сертификациялаудан өтуі қажет.

ЕСКЕРТПЕ Сертификациялауды EN 764-5:2002 сәйкес жүзеге асыру қажет.

4.1.3 Бұйымдар олардың пайдалану сапасын нашарлатуы мүмкін беткі және ішкі кемшіліктері болмауы қажет.

4.1.4 Жарылудан кейінгі болаттың белгіленген ең төменгі ұзартылу болуы қажет:

- ≥ 14 % көлденең бағытта;

- ≥ 16 % бойлау бағытында немесе егер бұл бағыт төмендегі тәсілмен есептелген базалық ұзындығын өлшеу кезінде L_0, көлденең бағытқа сәйкестеу болмаса:

- бойлау бағытында немесе егер бұл бағыт төмендегі әдіспен есептелген базалық ұзындығын L_0 өлшеу кезінде көлденең бағытта сыны аздау болып табылады:

$$L_0 = 5{,}65\sqrt{S_0}, \qquad (4.1\text{-}1)$$

мұндағы, S_0 – базалық ұзындық шегінде көлденең кесіктің бастапқы көлемі.

Сонымен бірге 4.1 тармағында көрсетілген ұзындықтың кішірек мәнін (мысалы бекітпе бөлшектер және құймалар үшін), арнайы талаптардың сақталуы қадағалануы, сонымен бірге, егер мүдделі тараптармен кішірек мәннің орнын толтырудың тиісті шаралары қабылданатын болатыны туралы шартымен қолдануға болады.

ЕСКЕРТПЕ Тиісті шаралар мысалдары:

-жобадағы жоғарырақ қауіпсіздік көрсеткішінің ескертпесі;

- материалдың пластикалық мінезін көрсететін үзілуіне арналған тиісті сынақты орындау.

4.1.5 Базалық ұзындықты өлшеу кезінде 4.1.4 тармағында белгіленгеннен өзге үзілуден кейінгі ең төменгі ұзартылуы 4.1.4 тармағында берілген ұзартудың өзгеруі жолымен анықталуы қажет, сәйкес:

- EN ISO 2566-1:1999 көміртекті және төмен қоспалы болаттар үшін;

-EN ISO 2566-2:1999 аустенитті болаттар үшін.

4.1.6 Болаттарда Шарпи (EN ISO 148:2010) бойынша жабысқақтық соққыға арналған сынақ үшін V-түріндегі кесікті үлгіде өлшенген ең төмен белгіленген соққы энергиясы болуы қажет:

- 1,5 % 5 % Ni дейінгі бар ферритті және қоспалы болаттар үшін ≥ 27 Дж;

- В қосымшасына сәйкес сынау температурасы кезінде, бірақ 20 °С жоғары емес 8, 9.3 және 10 материалдар тобындағы болаттар үшін ≥ 40 Дж. Сонымен бірге В қосымшасының басқада талаптары орындалуы қажет.

4.1.7 Дәнекерлеу және қалыптау үшін арналған болаттың химиялық құрамы 4.1-1 кестесінде көрсетілген мәндерден аспауы тиіс. Шығарылу техникалық ақталуы қажет.

4.1-1 кестесі Дәнекерлеу және қалыптау үшін арналған болатта ең жоғары көміртек, фосфордың және күкірттің мөлшері

Материалдар топтары (А.1 кестесіне сәйкес)	Ең жоғары мөлшері		
	% C	% P	% S
Болат (1 - 6 және 9 дейін)	0, 23[a]	0,035	0,025
Ферритті тоттанбайтын болаттар (7.1)	0,08	0,040	0,015
Мартенситті тоттанбайтын болаттар (7.2)	0,06	0,040	0,015
Аустенитті тоттанбайтын болаттар (8.1)	0,08	0,045	0,015[b]
Аустенитті тоттанбайтын болаттар (8.2)	0,10	0,035	0,015
Аустенитті-ферритті тоттанбайтын болаттар (8.1)	0,030	0,035	0,015

[a] Сараптама кезіндегі техникалық барысындағы ең жоғары мөлшері 0,25 %

[b] Технологиялық өңдеуге жататын бұйымдар үшін күкірттің қадағаланатын мөлшері жемірілуге шыдамдылығы қолдануға арналғандар үшін қанағаттандыратын болған жағдайда ғана келісім бойынша 0,015 % - 0,030 % дейін рұқсат етіледі.

4.2 Ерекше ережелер

4.2.1 Арнайы сипаттамасы

4.2.1.1 Жалпы ережелер

Егер құбыр жүйелерінің қаіпсіздігіне немесе қолдану мерзіміне қолайсыз әсер туғызатын материалдың сипаттамасына өндірістік процесстер немесе жұмыс жағдайы әсер етуі мүмкін болса, онда оны орнату кезінде осы материалдың техникалық шарттарын назарға алу қажет.

Қолайсыз әсер ету туындайтын нәтижелер:

- Өндірістік процесстер: мысалы, салқынды штамптау тәртібі, термоөңдеу;

- Жұмыс жағдайы: мысалы, сутекті морт сынғыштық, жемірілуге, қабыршықтардың пайда болуы, салқынды штамптаудан кейін ескіру.

4.2.1.2 Бойлап жарылудың пайда болуы

Егер құрылысты жалғау және жүктеу нәтижесінде бойлап жарылудың пайда болуы кездесетін болса (EN 13480-3:2012, 7.2.3.3 қараңыз), перпендикуляр бетінің бұзылуына қатысты тиісті сипаттамасы бар болатты пайдалану қажет, оларды техникалық шарттарға енгізу және EN 10164:2004 сәйкестігін тексеру қажет.

ЕСКЕРТПЕ Басшылыққа алу үшін EN 1011-2:2001 қараңыз.

4.2.2 20 °С жоғары есептік температурасы

4.2.2.1 Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерді дайындау үшін EN 13480-3:2012 талаптарына сәйкес келетін техникалық сипаттамасы бар және тек материалға арналған техникалық шарттармен анықталған температуралық ауқым шегінде материалдарды пайдалану қажет. Егер жеткізудің техникалық жағдайында осы есептік температура t_s үшін қажет етілетін материалдарға арналған спецификалық мәні жоқ болса, онда осы жоба үшін EN 13480-3:2012 талап мәні екі біріктірілген мәндер арасында сызықтық интерполяция жолымен анықталуы қажет. Мәндерді дөңгелектендіруге болмайды.

Аустениттік және аустениттік-ферриттік тоттанбайтын болаттан басқа болат үшін бөлме температурасы үшін R_{eH} ($R_{p0,2}$) белгіленген мәндерін 50 °С тең немесе төмен температуралары үшін қолдануға болады. 50 °С және 100 °С арасындағы есептік температуралар үшін интерполяция бөлме температурасы кезінде R_{eH} мәндерімен және 100 °С кезінде 20 °С интерполяция үшін стартық нүкте ретінде паайдалана отырып орындалуы қажет. 100 °С жоғары сызықтық интерполяция материалдарға арналған стандарттарға сәйкес кестеленген мәндер, мәліметтер арасында орындалуы қажет.

Интерполяция берілген уақытта пластикалық бұзылу үшін жайылу қарсылысу мәні немесе сызықтық беріктік мәні жағдайында тек егер интерполяция үшін бастапқы нүкте ретінде қызмет ететін екі температура арасындағы айырмашылық тең немесе 10 °С кем болса ғана рұқсат етілуі қажет.

4.2.2.2 Жайылу ауқымында тұрған материалдарды, егер тек есептеуге қажетті пластикалық бұзылу үшін жайылу қарсылысу мәні немесе сызықтық беріктік мәні базалық материалдарға арналған техникалық шарттарда берілген болса пайдалануға болмайды. Құбыр жүйесін құрастыруды жүргізуші материалды жеткізушіден жеткізілетін материалдың растау формасымен (номиналды шашырау жолақтары шегінде) белгіленген сипаттамаға сәйкестігін қмтамасыз ететініне кепілдік алуы қажет. Растау формасында өндірістік процесстер нәтижесінде болат алынған, сынақ нәтижесі берілуімен баламалы болып қалуы қажет.

4.2.3 Морт сынуды болдырмау

В Қосымшасында белгіленген талаптарды орындау қажет.

4.2.4 Бекітпе бөлшектерге арнайы талаптар

Бекітпе бөлшектер бұрамалардың, қадауыштарды және бұрандаларды қамтиды.

Автоматты болатты пайдалануға болмайды. Көміртекті болаттардан және Ni > 3,5 % мөлшері бар төмен қоспалы ферритті болаттардан жасалған бекітпе бөлшектерді 300 °С жоғары температура кезінде пайдалануға болмайды.

Бұрамалар үшін ферритті және мартенситті болаттардан жасалған шыбықты материалдың үзілуінің ең төменгі белгіленген беріктік шегі 1000 $N/мм^2$ аспауы қажет. Шыбықты материалдың үзілуінен кейінгі ең төменгі ұзартылуы 14 % кем болмауы қажет.

Ферритті болаттар үшін соққы беріктігіне талаптар В.2-9 кестесіне сәйкес болуы қажет.

Есептік температурасы- 160 °С төмен бұрамалар үшін материалдар жабысқақтық соққыға – 196 °С кезінде сыналуы қажет.

Сутекті морт сынғыштық, қажылу сипаттамасы және релаксация бұл қажет жерде қолданылуы қажет.

ЕСКЕРТПЕ Жұқартудың кедір-бұдырлығы және ішкі беріктігі бойынша толық талаптары кейбір қолданулар үшін қажет болуы мүмкін.

4.2.5 Футерленген құбырлар

Футерленген өнеркәсіптік құбыржолдарге арналған қысымды көтеретін болат құбыржолдар бойынша өткізілетін ағынды ортаға сәйкес келмеуі мүмкін, егер футерлеу пайдалану барысында тұмшылауды қамтамасыз етсе.

4.3 Техникалық жеткізу шарттары

4.3.1 Еуропалық стандарттар

Қаңылтырлар, жолақтарға, шыбықтарға, құбырларға, фитингтерге, сомтемірлерге, құймаларға, ернемектерге, шұра сырттарына және қысыммен жұмыс істейтін бөлшектер үшін басқада аксессуарларға арналған Еуропалық стандарт.

1 ЕСКЕРТПЕ D.1-1 кестесі болаттар және қысыммен жұмыс істейтін болат бөлшектері үшін қаралатын материалдарға арналған Еуропалық стандарттар іріктеп алынған ақпараттарды қамтиды.

2 ЕСКЕРТПЕ D.2-1 кестесі үйлесімді стандарттарда көрсетілген, өнімнің түріне байланысты топтастырылған қысыммен жұмыс істейтін материалдарға қатысты іріктеліп алынған ақпараттарды қамтиды.

Дайындауға және жұмысқа қатысты арнайы ережелер назарға алынуы тиіс, егер ол қажет болса.

4.3.2 Еуропада материалдарды бекіту (ЕАМ)

Құбыр жүйесі үшін ЕАМ белгіленген материал оны қолдану шегі аясында пайдаланылуы қажет.

4.3.3 Материалдарды дербес бағалау

4.3.1 және 4.3.2 тармақтарында белгіленгеннен өзгеше материалдарды сондай-ақ материалдар мәліметтері материалдарды дербес бағалау нәтижесінде қабылданған жағдайында пайдалануға болады.

4.3.4 Жалатпалы бұйымдар

Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектер үшін жалатпалы бұйымдарды техникалық жеткізу шарттары С қосымшасы талаптарына сәйкес болуы қажет.

1 ЕСКЕРТПЕ Қысыммен жұмыс істеуге арналған арналған жалатпалы бұйымдарға арналған техникалық шарттарды белгілейтін Еуропалық стандарттар қазіргі уақытта қолданылмайды.

2 ЕСКЕРТПЕ Жалатпалы болаттардың жеткізудің техникалық жағдайын қамтитын құжаттардың мысалдары [2] – [4] басылымдарында берілген.

4.3.5 Дәнекерлеуге арналған қорытпа электрод үшін техникалық жеткізу шарттары

Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерді және жалғауларды дәнекерлеу үшін пайдаланатын дәнекерлеуге арналған қорытпа электродтар үшін техникалық жеткізу шарттары EN 12074:1999 және EN 13479-1:2004 талаптарына сәйкес болуы қажет.

ЕСКЕРТПЕ Сапа жүйелеріне және дайындауға, қуат көзін бөлу, қорытпа электродтарды бағалау және сынау әдістері талаптарына қатысты сонымен бірдей белгілерді орындайтын баламалы ұлттық/халық аралық техникалық шарттар қабылданған.

4.4 Таңбалау

Өнімді таңбалау немесе жеткізу бірлігі бұйым немесе жеткізу бірлігі және қабылдауды бақылау актілері арасындағы қадағалауды қамтамасыз етуі қажет.

Еуропалық стандарт бойынша стандартталған материалдар үшін таңбалау тиісті стандарттың талаптарын орындау қажет. Еуропалық стандартқа қосылмаған материалдар үшін таңбалау қалай болғанда да келесілер болуы қажет:

- материалға арналған техникалық шарттар (сілтеме, материалды белгілеу);
- дайындаушының таңбасы немесе атауы;
- егер қолданылса, тексеруші орган өкілінің мөрі.

Арнайы тексерістен өткен материалдар үшін таңбалау бұйым немесе жеткізу бірлігі және тиісті тексеріс актісі арасындағы сәйкестікті белгілеуге мүмкіндік беретін сәйкестендіру болуы қажет.

5 Қысымға ұшырамайтын бөлшектер үшін пайдаланатын материалдарға қойылатын талаптар

Қысымға ұшырамайтын бөлшектер үшін, мысалы өнеркәсіптік құбыржолдарге дәнекерленген құрақша, тірек қорғаныс қоршауы, қалқалар және т.б және қорытпа электродтар үшін техникалық шарттарға сәйкес жеткізілетін, кемінде химиялық құрамы бойынша талаптарды қамтитын, созылу қабілеті бар материалдар қолданылуы қажет. Осы материалдар олар қосылған материалдардың пайдалану жағдайын шектемеуі қажет.

А қосымшасы
(міндетті)

Қысыммен жұмыс істейтін болаттарды топтастыру жүйесі

Болаттар А.1 кестесінде көрсетілгендей топтастырылуы қажет. 1 топта көрсетілген мәліметтер материалдардың шөмішті сынамасын талдауға қатысты. 4-10 дейінгі топтарда көрсетілген мәліметтер қорытпаларды белгілеуге пайдаланылатын элементтер мөлшерінің негізі.

А.1 кестесі – Болаттарды топтастыру жүйесі (CEN ISO/TR 15608:2000)

Топ	Топ бөлігі	Болат түрі
1		$R_{eH} \leq 460$ N/мм^{2a} және % құрамымен ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген болаттар: C ≤ 0,25 Si ≤ 0,60 Mn ≤ 1,70 S ≤ 0,045 P ≤ 0,045 Cu ≤ 0,040[b] Ni ≤ 0,5b Cr ≤ 0,3 (0,4 құймалар үшін)[b] Nb ≤ 0,05 V ≤ 0,12[b] Ti ≤ 0,05
	1.1	$R_{eH} \leq 275$ N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген болаттар
	1.2	275 Н/мм$^2 \leq R_{eH} \leq 360$ N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген болаттар
	1.3	$R_{eH} > 360$ N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген нормаланған ұсақ түйіршікті болаттар
	1.4	Атмосфералық жемірілуге тұрақтылығы жоғары болаттар, 1 топта келтірілген жекелеген элементтерге талаптардың шегін кеңейтуі мүмкін сараптама
2		$R_{eH} > 360$ N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген термомеханикалық өңделген ұсақ түйіршікті және құйма болаттар
	2.1	360 Н/мм$^2 < R_{eH} \leq 460$ N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген термомеханикалық өңделген ұсақ түйіршікті және құйма болаттар
	2.2	$R_{eH} > 460$ N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген термомеханикалық өңделген ұсақ түйіршікті және құйма болаттар
3		$R_{eH} > 360$ N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген тоттанбайтынды қоспағанда десперсиялық-қатпа және шыңдалған және айырылған болаттар

А.1 Кестесі *(жалғасы)*

Топ	Топ бөлігі	Болат түрі
	3.1	360 N/мм^2< R_{eH} ≤ 460 N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген тоттанбайтынды қоспағанда десперсиялық-қатпа және шыңдалған және айырылған болаттар
		R_{eH} > 690 N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген шыңдалған және айырылған болаттар
4		Ванадий мөлшері төмен Mo ≤ 0,7 % және V ≤ 0,1 % қоспалы Cr-Mo-(Ni) болаттар
	4.1	Cr ≤ 0,3 % және Ni ≤ 0,7 % болаттар
	4.2	Cr ≤ 0,7 % және Ni ≤ 1,5 % болаттар
5		Cr-Mo ванадий мөлшері жоқ болаттар C ≤ 0,35 %[c]
	5.1	0,75 % ≤ Cr ≤ 1,5 % және Mo ≤ 0,7 % болаттар
	5.2	1,5 % < Cr ≤ 3,5 % және 0,7 % < Mo ≤ 1,2 % болаттар
	5.3	3,5 % < Cr ≤ 7,0 % және 0,4 % < Mo ≤ 0,7 % болаттар
	5.4	7,0 % < Cr ≤ 10,0 % және 0,7 % < Mo ≤ 1,2 % болаттар
6		Ванадий мөлшері жоғары қоспалы Cr-Mo-(Ni) болаттар
	6.1	0,3 % ≤ Cr ≤ 0,75 %, Mo ≤≤ 0,7 % және V ≤ 0,35 % болаттар
	6.2	0,75 % < Cr ≤ 3,5 %, 0,7 % < Mo ≤ 1,2 % және V ≤ 0,35 % болаттар
	6.3	3,5 % < Cr ≤ 7,0 %, Mo ≤ 0,7 % және 0,45% ≤ V ≤ 0,55 % болаттар
	6.4	7,0 % < Cr ≤ 12,5 %, 0,7 % < Mo ≤ 1,2 % және V ≤ 0,35 % болаттар
7		Ферритті, мартенситті немесе десперсиялық-қатпа тот баспайтын C ≤ 0,35 % және 10,5 % < Cr ≤ 30 % болаттар
	7.1	Ферритті тот баспайтын болаттар
		Мартенситті тот баспайтын болаттар
		десперсиялық - қатпа болаттар
8		Аустенитті болаттар
	8.1	Аустенитті тот баспайтын Cr ≤ 19 % болаттар
	8.2	Аустенитті тот баспайтын Cr >19 % болаттар
	8.3	Марганцовисті тот баспайтын 4 % < Mn < 12 % болаттар
9		Никель қоспалы Ni ≤ 10 % болаттар
	9.1	Никель қоспалы Ni ≤ 3 % болаттар
	9.2	Никель қоспалы 3,0 % < Ni ≤ 8 % болаттар
	9.3	Никель қоспалы 8,0 % < Ni ≤ 10 % болаттар
10		Ферритті аустенитті тот баспайтын болаттар (выплавленные дуплекс-үрдісімен қорытылған)
		Ферритті аустенитті тот баспайтын Cr ≤ 24 %болаттар
		Ферритті аустенитті тот баспайтын Cr > 24 %болаттар

[a] Техникалық шарттарға сәйкес R_{eH} болат бұйымдар $R_{p0,2}$ немесе $R_{p0,5}$ ауыстырылуы мүмкін.
[b] Жоғарырақ мәні Cr + Mo + Ni + Cu + V ≤ 0,75 % жағдайы кезінде қолайлы.
[c] «Ванадий мөлшері жоқ» материалға ванадий әдейі қоспайтынын білдіреді.

В қосымшасы
(міндетті)

Төмен температура кезінде морт сынуды алдын алуға арналған талаптар

В.1 Жалпы ережелер

Осы қосымша 50 °С жоғары немесе төмен қалыпты жұмыс үшін есептік температурасы бар, қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарға арналған талаптарды белгілейді.

Қалыпты температуралық операциясы 50 °С жоғары қысыммен жұмыс істейтін жабдықтар үшін В.5 тармақшасы қолданылады. Егер В.5 тармақшасы келмейтін болса, онда қалыпты пайдалану жағдайы кезінде төмен температура үшін келесі ереже пайдаланылады.

Есептік температурасы тең немесе 50 °С кем қысыммен жұмыс істейтін жабдықтар үшін осы қосымша қысыммен жұмыс істейтін[2)] құбыржолдар бөлшектерінде пайдаланатын табақ, тілме, құбыр, фитингтер, сомтемір, құйма, фланцтар, вентилдер сырты, бекітпе бөлшектер және дәнекерленетін бөлшектер түріндегі металл материалдарының төмен температурасы кезінде морт сынуды[1)] болдырмайтын талаптарды белгілеу үшін үш балама әдістерді белгілейді. Жылыту әсеріне ұшырайтын (қорытпа бойын қоса) материал-тірегі, учаскесі және дәнекерленген тігіс материалдары үшін температуралар белгіленген кезіндегі соққы күші талаптарына негізделген белгілер.

Осы үш әдіс өзімен келесілерді береді:

1 Әдіс

а) Материалдар бойынша үйлестірілген Еуропалық стандарттарда көрсетілгендей $T_R = T_{27Дж}$ таңдауға және дайындаудан кейін осы ең төмен белгіге жетуге болатыны болжамына негізделген техникалық талаптар. < 460 МПа ағынды шегімен көміртекті, көміртекті-марганец болаттар үшін 2 әдіспен пайдаланылатын механикалық қырату принциптері негізінде есептелген;

b) аустенитті болаттар, бұрамалар және бұрандалар үшін Ni ≥ 3 % -ден 9% дейінгі мөлшерімен болаттар үшін пайдалану тәжірибесіне негізделген.

2 Әдіс механикалық қырату принципі және пайдалану тәжірибесі негізінде дайындалған.

[1)] қысыммен сынау кезінде гі температураны қоса;

[2)] EN 13480-2:2012, 3.1.3 қараңыз.

Техникалық талапты сақтау үшін 1 әдістен гөрі икемді жолы 500 N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген көміртекті, көміртекті-марганцті және төмен қоспалы болаттар және 550 N/мм^2 ең төменгі ағымдылық шегі белгіленген аустенитті-ферреитті болаттар үшін қолданылады. Осы әдіс 1 әдіске қарағанда қалыңдық және температурасы кең көлемді осы болаттар үшін қолданылуы мүмкін, себебі T_R $T_{27Дж}$ тең болмауы қажет (В.2-1,В.2-11 Суреттерді қараңыз). Бұдан басқа PWHT жұмыс жағдайы кезінде 355 N/мм^2 ең төменгі тұрақсыздық шегімен ферритті болаттар үшін жоғары қалыңдықты көрсеткіштер қаралған.

3-әдіс механикалық бұзуды сараптауды қолдану.

Осы жалпы әдіс 1 немесе 2 әдістерде қаралмаған жағдайда қолданылады. Осы әдіс сондай-ақ 1 немесе 2 әдістердің талаптарының ауытқуларын түсіндіру үшін пайдалануы мүмкін. Осы әдіс тек жалпы басшылықты қарастырады және тек мүдделі тараптардың келісімі бойынша пайдаланылуы қажет.

Үш әдістің әрқайсысы өз алдына жеке пайдаланылуы мүмкін. Тек әдістердің бірінің ғана талаптарын орындау қажет.

T_M (металдың ең төменгі температурасы) және T_S (температураны реттеу элементі) температураларының барлық қолданылатын байланыстары қаралады, ал мүмкін ең аз T_R-мәніні (есептік бастапқы температурасы) материал соққысына арналған қажет етілетін сынақ температурасын анықтау үшін пайдаланылуы қажет.

ЕСКЕРТПЕ. Температура элементін анықтау үшін 3.1.1-3.1.4 Тармақтарын қараңыз.

В.2 Материалдарды таңдау және соққы энергиясына қойылатын талаптар

В.2.1 Жалпы ережелер

В.2.2 тармағында (1 Әдіс) немесе В.2.3 тармағында (2 Әдіс) белгіленген әдіс морт сынуды болдырмас үшін қажет етілетін соққы энергиясының қарсылығын анықтау үшін пайдаланылуы қажет. Бұдан басқа В.2.4 тарамағы (3 Әдіс) қажетті беріктігін анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Осы әдіс сәйкестігін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін толық құжаттандырылуы қажет.

Конструкциялық бөлшектер үшін бақылау қалыңдығы В.5-1 кестесінде анықталған.

В.2.2 1 Әдіс. Қағидалар және ережелер

